

2004 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында облыс аумағындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімиятының 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 6/12-1 бірлескен шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 18 мамырда N 1246 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі N 27 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011.09.26 N 27 Шешімімен

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 13 бабына сәйкес және " Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2004 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 30 наурыздағы N 1363 Жарлығын жүзеге асыру мақсаттарында облыстық мәслихат пен облыс әкімі **ШЕШТІ** :

1. Шақыру күніне дейін 18 жасқа толған, мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылуға немесе кейінге қалдыруға құқы жоқ ер азаматтарды, сондай-ақ шақыруды кейінге қалдыру құқығынан айырылған азаматтарды 2004 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларға мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. Облыстық шақыру комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Петропавл қаласы мен аудандар әкімдеріне:

1) аудандар мен қаланың жергілікті өкілетті органдарымен бірлесе отырып, әскери комиссариаттар арқылы мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін;

2) аудандық және қалалық шақыру комиссиясының құрамы және шақыруды жүргізу кестесі бекітілсін;

3) шақыру комиссиясының жұмысы үшін әскери комиссариаттар үй-жаймен қамтамасыз етілсін;

4) шақыру комиссиясынан өту және әскерге аттандыру үшін азаматтардың

әскери комиссариаттарға ұйымдасқан түрде келулері қамтамасыз етілсін, осы мақсаттар үшін құлақтандыру және әскерге шақырылғандарды іздестіру тобы б ө л і н с і н ;

5) қажетті санда техникалық қызметкерлер мен көлік бөлінсін;

б) көрсетілген іс-шараларды орындаумен байланысты шығындар көрсетілген іс-шараларға бөлінген ассигнация шегінде жергілікті бюджет есебінен іске а с ы р ы л с ы н .

4. Денсаулық сақтау департаментіне:

1) Петропавл қаласындағы облыстық жинау пунктіндегі медициналық комиссиясының жұмысы қамтамасыз етілсін;

2) шақырылушыларды медициналық куәландыру жөніндегі комиссия дәрігер-мамандармен, әсіресе тар саладағы мамандармен жинақталсын;

3) шақырту комиссиясымен жіберілген азаматтарды медициналық зерттеу үшін емдеу-профилактикалық мекемелерде орындар көзделсін.

5. Ішкі істер басқармасына:

1) шақыру комиссиясының құрамына Петропавл қаласының басшылығы және аудандық ішкі істер бөлімі құрамынан лауазымды тұлғалары енгізілсін;

2) азаматтарды шақыру кезеңінде әскери комиссариатпен байланысты әрекеттер ұйымдастырылсын, шақыру пункттерінде тәртіп пен тәртіптілік қ а м т а м а с ы з е т і л с і н ;

3) шақырту кезеңінде облыстық жинау пунктінде тәулік бойы кезекшілік ететін полиция наряды бөлінсін, темір жол стансасы, жас толықтырушыларды әскерге жинау және аттандыру орындарына күшейтілген нарядтарды бөлу қ а м т а м а с ы з е т і л с і н ;

4) азаматтардың шақыру пункттеріне келуіне бақылау жүргізілсін, шақырудан жасырынып қалуға жол берілмесін.

6. Петропавл қаласының әкімі облыстық жинақтау пунктінде шақырылушыларды азық-түлік және өнеркәсіптік тауарларды сатуды ұйымдастырсын.

7. Мәдениет департаменті шақыру пункттерінде көркемөнерпаздар ұжымының өнерін және әскери-патриоттық тақырыптарға кинофильмдер көрсетуді ұйымдастырсын.

8. Туризм және спорт басқармасы облыстық жинақтау пунктінде спорттық-бұқаралық іс-шаралар, шақырылушылардың жалпы даярлығына тексеру ұйымдастырсын.

9. Шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.В. Развинге жүктелсін.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

VI сессиясының төрағасы

Облыс әкімі

Облыстық мәслихат пен облыс әкімінің
"2004 жылдың сәуір-маусымында
және қазан-желтоқсанында облыс
аумағындағы Қазақстан Республикасының
азаматтарын мерзімді әскери қызметке
шақыруды ұйымдастыру туралы"
2004 жылғы 15 сәуірдегі
N 6/12-1 бірлескен шешіміне
қосымша

**Облыстық шақыру комиссиясының
ҚҰРАМЫ**

Р А З В И Н Сергей Владимирович	комиссия төрағасы, облыс әкімінің орынбасары
А М А Н Г Е Л Д И Е В Талғат Бекмұратұлы	комиссия төрағасының орынбасары, облыстық әскери комиссар
	Комиссия мүшелері:
К Р И В О Ш Е Е В А Зоя Ивановна	облыстық аурухананың медбибісі, комиссия хатшысы
М А Ғ З Ұ М О В Азамат Белгібайұлы	денсаулық сақтау департаменті бастығының орынбасары
Р У Д Ы Й Петр Васильевич	облыстық әскери комиссариаттың дәрігер-терапевті, медициналық комиссияның төрағасы
С Ұ Л Т А Н О В Талғат Дүйсенұлы	облыстық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары